

## Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформа жөніндегі кеңес туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 26 мамыр 1994 ж. N 561

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформа жөніндегі кеңес мынадай құрамда құрылсын:

Кеңестің төрағасы

Шәйкенов Н.А. - Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Кеңестің мүшелері:

Әбілқатаев М.К. - Қазақстан Республикасының Президенті мен  
Министрлер Кабинеті Аппаратының Құқық қорғау  
бөлімі менгерушісінің орынбасары

Баймұрзин Ф.И. - Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік  
ұлттық университеті заң факультетінің  
қылмыстық құқық кафедрасы менгерушісінің  
міндетін атқарушы

Бұлғақбаев Б.А. - Қазақстан Республикасының Президенті мен  
Министрлер Кабинеті Аппаратының Заң шығару  
бөлімі менгерушісінің орынбасары

Дагаев Л.С. - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары

Диденко А.Г. - Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік  
ұлттық университеті заң факультетінің  
азаматтық құқық кафедрасының менгерушісі

Досекенов А.Ә. - Қазақстан Республикасының Президенті мен  
Министрлер Кабинеті Аппаратының Заң бөлімі  
менгерушісінің орынбасары

Зорин Л.В. - Қазақстан Республикасының Жоғары Төрелік  
Соты төрағасының орынбасары (келісуі  
бойынша)

Қайдаров Р.Е. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер

- министрінің орынбасары  
Қалматаев М.Д. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің  
Құқық реформасы, занымалық және құқық  
тәртібі жөніндегі комитетінің төрағасы  
(келісуі бойынша)
- Нәрікбаев М.С. - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты  
төрағасының бірінші орынбасары (келісуі  
бойынша)
- Нұрпейісов Е.К. - Қазақстан Республикасы Әділет  
министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң  
институтының директоры
- Сұлейменов М.К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым  
академиясының Мемлекет және құқық  
институтының директоры
- Таранов А.А. - Қазақстан Республикасының Әділет  
министрлігі жаңындағы Заң шығару  
жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының  
директоры
- Өтебаев Ф.К. - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының  
орынбасары (келісуі бойынша)
- Худяков А.И. - Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік  
ұлттық университеті заң факультетінің  
әкімшілік құқық кафедрасының менгерушісі
2. Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформа жөніндегі кеңес  
туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 26 мамырдағы  
N 561 қаулысымен

## БЕКІТІЛГЕН

# Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформа жөніндегі кеңес туралы ЕРЕЖЕ

### I. Жалпы қағидалар

1. Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформа жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) ведомствоаралық үйлестіру органды болып табылады, оның мақсаты Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады.

2. Кеңестің құрамы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен белгіленеді.

### II. Міндеті мен өкілеттілігі

1. Кеңестің негізгі міндеттері:

қолданылып жүрген заңдарды ретке келтіру, оларды үйлесімділігі мен келісімділігін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

неғұрлым маңызды заң актілерінің тұжырымында ұлгілерін жасау;

өз бастамасы бойынша, сондай-ақ Президенттің, Жоғарғы Кеңестің, Министрлер Кабинетінің, өзге де органдар мен мекемелердің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының аса маңызды заң актілерінің жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

құқықтық реформаның негізгі бағыттары бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

2. Кеңес:

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, ведомстволардан заң шығарушылық қызметі мәселелері жөніндегі қажетті құжаттар мен материалдарды сұратып алуға;

заң актілерінің жобаларын әзірлеудің және сараптама жүргізуудің қажеттілігі жайында министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарға ұсыныстар жасауға;

заң шығару және сарапшылық қызметіне ғалымдар мен мамандарды,

соның ішінде шетелдіктерді де тартуға, осы мақсатпен жұмыс және

сараптау топтарын құруға;

Кеңестің мәжілістерінде назар аударылған мәселелер жөнінде заң актілері жобаларының авторларын тындауға қақылы.

### III. Жұмысты ұйымдастыру

1. Кеңестің мәжілістері қажетіне қарай, бірақ тоқсан сайын кемінде бір рет өткізіледі.

2. Кеңес мүшелері оның мәжілістеріне басқа біреумен ауыстыру құқығынсыз өздері қатысады.

3. Кеңес шешімдері Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

Кеңес мүшелерінің ерекше пікір айтуға құқы бар, ол хаттамаға қосылады.

4. Кеңестің қызметін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктеледі.